

Мектепалды даярлық 0 «А» сыныбының тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: «№ 74 ЖОББМ»КММ

Топ: Мектепалды даярлық 0 «А»

Балалардың жасы: 5-6 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 28.11 – 02.12. 2022-2023 оқу жылы

(апта күндерін, айды, жылды көрсету)


Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі 28.11	Сейсенбі 29.11	Сәрсенбі 30.11	Бейсенбі 01.12	Жұма 02.12
08:30-09:00 Балаларды қабылдау	Балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату. Балаларға қолайлы жағдай жасау. Баланың бүгінгі көңіл-күйі туралы әңгіме, баланың жеке пікірін білдіруіне қосыла отырып, оны не қызықтыратыны туралы. Денсаулық мәселелері бойынша ата-аналармен әңгімелесу; консультациялар.				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен денсаулық мәселелері, балаға үйде күтім жасау, білім алу, даму және жетістіктер туралы әңгімелесу, кеңес беру.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Топта балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу. Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары (роботехника құралдары, шашка). Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу, Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптарды қарау, Табиғат бұрышындағы еңбек (бөлме өсімдіктеріне күтім жасау) Заттық-кеңістіктік дамытушы ортамен жеке жұмыс				
	Сөйлеуді дамыту – коммуникативтік, ойын әрекеті (үстел үсті ойындары пазлдар, домино және т.б.); Сәйкестендіру ойыны: «Қысқы ойындарды атап, тап» Мақсаты: Қыс мезгілі туралы түсініктерін кеңейту, қыстағы мерекелер, қысқы ойындар туралы түсінік беру, есту қабілетін, логикалық зейінді дамыту. Сөздікті белсендіру-сөйлеудегі антонимдерді бекіту. Құрал-жабдықтар: Қыс және қысқы ойындардың суреттері, қыстырғыштар. Ойынның барысы: Үстел үстінде суреттерді көрсете отырып, еркін сәйкестендіру арқылы құрастыру. Балалар	Құрастыру – шығармашылық, коммуникативтік, ойын әрекеті Үстел үсті ойындары: «Баспалдақты жина» Мақсаты: негізгі түстерді білуді бекіту. Әдістемелік нұсқаулар: Ең ішісінен үлкенге қарай ретімен жинау керек. Балалар жинайтын түсті таңдайды. Команда бойынша "Бастайды!" балалар баспалдақты жинайды. Тезірек жинайтын бала жеңеді. Ықтимал күрделендіру: Баспалдақтың түстерін атайды 1-10 тура және кері санайды.	Дене шынықтыру - коммуникативтік, ойын әрекеттері, қимыл белсенділігі (іс әрекет арқылы қимылды ойын. Ойын: «Қандай белгі екенін тап?» Мақсаты: Жол белгілерін ажырата білуге, балалардың жолда жүру ережелері жайында білімдерін бекіту; күнделікті өмірде алған білімін өз бетінше қолдана алуға тәрбиелеу. Ойын шарты: 1-ші нұсқа. Жетекші текшелер жатқан үстелге кезекпен шақырады. Бала текшені алып, белгіні атап, сондай сияқты белгілері бар балаларға барады. 2-ші нұсқа. Жүргізуші	Көркем әдебиет - коммуникативтік, ойын әрекеті Мазайка үстел үсті ойындары: «Өрнекті кім тез анықтайды» Мақсаты: Оюдағы өрнектерді бөлу іскерлігін бекіту Құрал-жабдықтар: 12 нұсқалы бейне (20x10) киіз үй, сәукеле, шапан, камзол карточка түрінде 12 кесте жасалған. Әрбір карточкада шапан мен сәукеледе т.б. кездесетін ою құрылымдары, « жоғалып» кеткен өрнектер салынған. Әдістемелік нұсқау: Балалар кесте салынған ою-өрнектерді қарайды. Олардың аттарын	Қоршаған ортамен таныстыру – еңбек, коммуникативтік әрекет Үстел үсті театр ойыны: "Қыста не болады" Ойын шарты: "Жыл мезгілдері" үстел ойынын қолдана отырып өткізіледі. Балалар қыс мезгілін бейнелейтін үлкен картаға, жылдың осы уақытының белгілері бар кішкентай карточкаларға сәйкес келеді Ықтимал күрделендіру: Ой дамыту Ойынның нұсқаулары: Көрнекі зейіннің дамуы. Тақырып бойынша сөздікті белсендіру.

суреттерді тауып,қыстырғышпен қыстырып ,сұрақтарға жауап береді,әңгіме құрастырады «Керісінше».

Ойын шарты: Мұғалім логикалық тұрғыдан дұрыс емес сөйлемді айтады, балалар оны жоққа шығарады. Мысалы, қар кара (жоқ, ақ), Аққала ыстық (жоқ, суық), жапырақтары бар ағаштар (жоқ, жалаңаш), күн жылынады (жоқ, жарқырайды), құстар ән айтады (жоқ, қатып қалады), аю орманда серуендейді (жоқ, Орда ұйықтайды).



Ойынның нұсқаулары: Тәрбиеші белгісі бойынша бастау керек.



белгі көрсетеді. Балалар осы белгіні өздерінің текшелерінде табады, көрсетеді және оның не білдіретінін айтады. **3-нұсқа.** Ойыншыларға текшелер таратады. Балалар оны мұқият зерттейді. Әрі қарай әр бала өзінің белгісі туралы атын атамай айтып береді, қалғандары оны шешу керек.



атап,түсін сипаттайды,содан кейін үстел үстінде жатқан киім-кешектер мен тұрмыстық заттардың нұсқаларында жетіспей « жоғалып кеткен крнектерді тауып, орындарына орналастырады.Өрнекті бірінші тауып, өзінің орнына дұрыс орналастырған бала жеңілпас болады.

Ықтимал күрделендіру:

Тақпақтарды айтқызып, жұмбақтар шешеді.

Ойынның нұсқаулары: Өрнектердің аттарын атап, түсін сипаттайды, содан кейін үстел үстінде жатқан киім-кешектер мен тұрмыстық заттардың нұсқаларында жетіспей «жоғалып кеткен крнектерді тауып, орындарына орналастырады. Өрнекті бірінші тауып, өзінің орнына дұрыс орналастырған бала жеңімпаз болады.



					
Таңертенгі жаттығу	№16 гимнастика кешені Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті. ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК №16 Жиынтық жаттығулар 1. Б.қ.:өкше түйістірілген, қол төмен түсірілген. Қолды алға созып, шапалақ соғу, бастапқы қалыпқа қайту (5 рет). 2. Б.қ.: өкше түйістірілген, қол белде. Еңкейіп, еденге қол тигізу, тұрып, бастапқы қалыпқа қайту (5 рет). 3. Б.қ.:аяқты алшақтатып, қолды алға ұстап, отыру. Еңкею, қолды аяқтың ұшына тигізу, түзелу, қолды арқаға ұстау, бастапқы қалпына қайту (4 рет). 4. Б.қ.: аяқ сәл алшақтатылған, қол белде.. Жүрумен кезектестіріп, екі аяқпен бір орында секіру (2 рет).	№17 гимнастика кешені Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті. ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК №17 Жиынтық сылдырмақтармен жасалатын жалпы дамыту жаттығулары 1. Б.қ.: аяқ сәл алшақтатылған, сылдырмақтар төмен түсірілген қолда. Қолды алға созып, сылдырмақтарды сылдырлатып, қолды төмен түсіру (5 рет). 2. Б.қ.: аяқ иықпен бір қатарда, сылдырмақтар иық тұсындағы екі қолда. Еңкейіп, сылдырмақтарды тізеге тигізіп, түзелу, бастапқы қалыпқа қайту (5 рет). 3. Б.қ.: өкше түйістірілген, сылдырмақтар арқада. Отырып, сылдырмақты еденге қойып, түзелу, қолды арқадан алып, отыру, сылдырмақты алып, түзелу, сылдырмақты арқаға алып, бастапқы қалыпқа қайту (4 рет). 4. Б.қ.:аяқ сәл алшақтатылған,	№18 гимнастика кешені Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті. ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК №18 Жиынтық текшелермен жасалатын жалпы дамыту жаттығулары 1. Б.қ.: өкше түйістірілген, текшелер төмен түсірілген екі қолда. Текшелерді алға созу, бір-біріне соғу, төмен түсіру (5-6 рет). 2. Б.қ.: текшелер арқаға ұсталған екі қолда. тыру, текшелерді алға қою, тұру, қолды арқадан алу; отыру, текшелерді алу, бастапқы қалыпқа қайту (4-5 рет). 3. Б.қ.: тізерлеп тұру, текшелер иық тұсындағы қолда. Оңға (солға) бұрылу; текшелерді аяқтың ұшына қою, түзелу, қол белде; солға (оңға) бұрылу, текшелерді алу, бастапқы қалыпқа қайту (3 рет). 4. Б.қ.: аяқты түзу қойып, шалқасынан жату, текшелер бас жаққа созылған екі қолда. Аяқты тізеден бұғу, текшелерді тізеге тигізу, бастапқы қалыпқа қайту (5 рет). 5. Б.қ.: аяқ бірге, текшелер	№19 гимнастика кешені Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті. ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК №19 Жиынтық доппен жасалатын жалпы дамыту жаттығулары 1. Б.қ.: өкше түйістірілген, доп төмен түсірілген екі қолда. Допты жоғары көтеру, түсіріп, бастапқы қалыпқа қайту (5 рет). 2. Б.қ.: аяқ иықтың қатарында, доп кеуде тұсына ұсталған екі қолда. Еңкею, допты жерге тигізіп. бастапқы қалыпқа қайту (5 рет). 3. Б.қ.: өкше түйістірілген, доп төмен түсірілген екі қолда. Отыру, доп бүгілген қолда, тұрып, түзеліп, бастапқы қалыпқа қайту (5 рет). 4. Б.қ.: тізерлеп немесе аяқтың ұшымен тұру, доп еденде. Допты өзінің айналасына, оңға, солға домалату (2-3 рет). 5. Б.қ.: аяқ сәл алшақтатылған, доп бүгілген қолда. Бір орында жүрумен кезектестіріп, бір орында айналып, екі аяқтап секіру (2 рет).	№20 гимнастика кешені Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті. ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК №20 Жиынтық таспалармен жасалатын жалпы дамыту жаттығулары 1. Б.қ.: өкше түйістірілген, таспалар төмен түсірілген қолда. Таспаларды жанынан жоғары көтеру, бұлғау, бастапқы қалыпқа қайту (5 рет). 2. Б.қ.: сондай, таспалар кеуде тұсындағы екі қолда. Отыру, таспаларды еденге тигізу, тұру, бастапқы қалыпқа қайту (5 рет). 3. Б.қ.: аяқ иықтың қатарында, таспалар арқа тұсындағы екі қолда. Алға еңкею, таспаларды оңға-солға бұлғау, түзелу, таспаны арқадан алу (4 рет). 4. Б.қ.:аяқ иықтың қатарында, таспалар төмен түсірілген екі қолда. Жүрумен кезектестіріп, екі аяқпен бір орында секіру (2 рет).

		сылдырмақтар иық тұсындағы екі қолда. Бір орында жүрумен кезектестіріп, екі аяқпен секію (2 рет).		еденде. Бір орында жүрумен кезектестіріп, текшелерді айналып секіру (2 рет).		
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық		Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, ойын, танымдық әрекет				
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттері мен уақыты						
09.00-11.30 ҰІӨ	09.00-09.25 09.35-10.00 10.30-10.55 11.05-11.30	28.11.22 Дүйсенбі Математика негіздері Сөйлеуді дамыту Қазақ тілі Дене шынықтыру	29.11.22 Сейсенбі Сауат ашу негіздері Қоршаған ортамен танысу Мүсіндеу Музыка	30.11.22 Сәрсенбі Математика негіздері Көркем әдебиет Сауат ашу негіздері Дене шынықтыру	01.12.22 Бейсенбі Математика негіздері Сөйлеуді дамыту Қазақ тілі Музыка	02.12.22 Жұма Сауат ашу негіздері Көркем әдебиет Қоршаған ортамен танысу Дене шынықтыру
«Ас – адамның арқауы» түскі ас. 10:00-10:30		Түскі ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) Кезекшілік жұмысын ұйымдастыру.Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету.Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту.				
Ұйымдастырылған іс-әрекеттер						
1-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты:09.00-09.25						
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰІӨ	1.Математика негіздері–танымдық,ойын әрекеттері Тақырыбы: Қағаз бетінде бағдарлау ҰІӨ мақсаты: кеңістіктік қарым-қатынастарды орнату білігін қалыптастыру. Балаларды кеңістіктік қарым-қатынастарды орнатуға үйрету. Заттың кеңістікте (солға, оңға, жоғарыға, төменге) және қағаз парағының бетінде орналасуын анықтау. Дағды: Логикалық ойлау, есте сақтау, сөйлеу, назар аудару, қолдың ұсақ моторикасын дамыту Күтілетін нәтижелер: Меңгереді: заттардың	1. Сауат ашу негіздері–коммуникативтік,таным-дық әрекет Тақырыбы: Дыбыстық талдау. ҰІӨ мақсаты: үш дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасауға үйрету. Дағды: Балалардың дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтай алу дағдыларын дамыту. Күтілетін нәтиже: Жасайды: дыбыстық талдау жасайды. Түсінеді: сөздің құрамында дауысты, дауыссыз дыбыстар болатынын түсінеді. Қолданады: сызбаға сәйкес сөзді анықтайды.	1.Математика негіздері–танымдық,ойын әрекеттері Тақырыбы: Кеше, бүгін,ертең,бүрсігүні. Таңертең, күндіз, кеш, түн. ҰІӨ мақсаты: уақыт ұғымдары туралы білімдерін қалыптастыру. Уақытты сипаттайтын сөздердің атауларын анықтау: таңертең, күндіз, кеш, түн бір тәулікті құрайтыны туралы түсінік беру; тәуліктің бөліктерін тану, атауды үйрену, атау кезінде дұрыс реттілікті сақтау: кеше, бүгін, ертең. Уақытты циферблат арқылы анықтау. Дағды: Зейін, есте сақтау,	1.Математика негіздері–танымдық,ойын әрекеттері Тақырыбы: Кеше, бүгін,ертең,бүрсігүні. Таңертең, күндіз, кеш, түн. ҰІӨ мақсаты: уақыт ұғымдары туралы білімдерін қалыптастыру. Уақытты сипаттайтын сөздердің атауларын анықтау: таңертең, күндіз, кеш, түн бір тәулікті құрайтыны туралы түсінік беру; тәуліктің бөліктерін тану, атауды үйрену, атау кезінде дұрыс реттілікті сақтау: кеше, бүгін, ертең. Уақытты циферблат арқылы анықтау.	1. Сауат ашу негіздері–коммуникативтік әрекет Тақырыбы: Дыбыстық талдау. ҰІӨ мақсаты: үш дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасауға үйрету. Дыбысты талдау жасату арқылы дауысты, дауыссыз дыбыстар туралы алған білімдерін естеріне түсіру. Дағды: Берілген дыбысқа сөз құрай алу дағдыларын бекіту және графикалық жұмысты орындау кезінде жаза білу қабілеттерін дамыту арқылы дағдыландыру.	

	кеңістікте орналасуын сипаттайтын сөздерді: жоғары, төмен, оң жақта, сол жақта, ортада; түсінеді: заттардың кеңістікте орналасуын қалай түсіндіруге болатынын; қолданады: белгілі бір затты орналасуы бойынша табуды. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Қолдану: «Қайда барасың, нені табасың?» атты дидактикалық ойынды Ойын мақсаты: ойын балаларды негізгі кеңістіктік бағыттарды (алға, артқа, оң жақ, сол жақ) анықтау және сөзбен айтуға, заттың кеңістікте орналасуын белгілеу үшін әртүрлі кеңістіктік терминдерді (іші, үсті, арты, асты және т.б.) пайдалануға жаттықтыру үшін жүргізеді. Түсіну: «Фигура қайда жасырынды?» дидактикалық ойыны.	Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Қолдану: Артикуляциялық жаттығу жасау. «Күрекше» – тілді жалпайтып шығарып, астыңғы ерінге тигізу керек. «Ине» – ауызды кең ашып, тілді алға қарай сүйірлей шығарып, 10–15 секунд ұстап тұру керек. «Төбешік» – жоғарғы тістерді төменгі тістерге тигізіп тұрып, ерінді түтікше етіп алға созу. Осы күйде ерінді 5–10 секунд ұстап тұру керек. «Түтікше» – тілді ауыздан жалпайтып шығарып, тілдің екі шетін көтеріп, түтікшемен үрлегендей үрлеу. Түсіну: «Доп» сөзіне дыбыстық талдау жасатылады. Д – ұяң дауыссыз дыбыс, көк түсті дөңгелекпен белгілейміз. О – жуан дауысты дыбыс, қызыл түсті дөңгелекпен белгілейміз. П – қатаң дауыссыз дыбыс, көк түсті дөңгелекпен белгілейміз. <i>Доп – 3 -дыбыс, 1 буын.</i>	сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасын, логикалық ойлауды дамыту. Күтілетін нәтижелер: Меңгереді: оқиғалардың уақыттағы реттілігін сипаттайтын сөздерді айтуды: кеше, бүгін, ертең, таңертең, күндіз, кеш, түн; уақытты циферблат арқылы анықтауды; Түсінеді: тәулік мезгілдерінің кезектілігін; Қолданады: болған, болып жатқан және болатын оқиғаларға қатысты кеше, бүгін, ертең сөздерін қолдануды. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Қолдану: «Күн мен түн» дәстүрлі ойыны. Педагог «күн» деген кезде, балалар секіреді, «түн» дегенде, тоқтап қалады. Балалар ережеге сәйкес орындайды.	Дағды: Зейін, есте сақтау, сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасын, логикалық ойлауды дамыту. Күтілетін нәтижелер: Меңгереді: оқиғалардың уақыттағы реттілігін сипаттайтын сөздерді айтуды: кеше, бүгін, ертең, таңертең, күндіз, кеш, түн; уақытты циферблат арқылы анықтауды; Түсінеді: тәулік мезгілдерінің кезектілігін; Қолданады: болған, болып жатқан және болатын оқиғаларға қатысты кеше, бүгін, ертең сөздерін қолдануды. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Қолдану: «Күн мен түн» дәстүрлі ойыны. Педагог «күн» деген кезде, балалар секіреді, «түн» дегенде, тоқтап қалады. Балалар ережеге сәйкес орындайды. Білу: Сағаттың модельдерімен жұмыс (циферблат сағат тілімен). Циферблатта уақытты анықтайтын ұзын және қысқа тілдері бар. Алдарыңызда жылжымалы тілі бар сағат моделі. Мен атаған уақытты сағат тілімен көрсету керек. Сағаттың 5 болғанын сағат тілімен қойыңдар. Сағат тілдерін қалай қойдыңдар? (Сағаттың қысқа тілі 5 цифрын, ал ұзыны 12-ні көрсетеді.)	Күтілетін нәтиже: Жасайды: дыбыстық талдау жасайды. Түсінеді: сөздер әртүрлі дыбыстардан тұратынын. Қолданады: дыбыстарды ажыратады. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Түсіну: «Дұрыс көрсет» дидактикалық жаттығуы Балалар мен сендерге сөздер айтамын ал сендер сөз үш дыбыстан тұрса, үш цифрын, егер сөз екі дыбыстан тұрса, екі цифрын көтересіндер. Мысалы: <i>тай, май, су, бор, қол, бу, жақ, тақ, ақ, қар, лақ, ту, көл, ал, бал, жал, ол, ит, құс, он, сан, ар, бір, тұр, іл, ыр, ор, көр, із, көз, төз, мұз, шөп, көк, ұлу, сұт, үкі, би, қи, ұр, қал, бау, ау, уақ, ай</i> т.б.
--	--	---	---	--	--

1 үзіліс - 09:25 - 09:35

Балалардың дербес іс-әрекеті

Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып, балалар әрекеті (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету) түрінде іске асырылады.

«Жылдам қозғалу, тез қимылдауға» арналған ойын: «Сүйкімді бақалар»

Басты мақсат: Топпен қарым-қатынасты нығайту, баланың көңіл-күй тұрақтылығын дамыту.

Тіл гимнастикасы

«Дәмді тосап»

Мақсаты: жалпақ тілдің ұшының жоғары көтеруін және тілді кесе (ожау) тәрізді қалыпта ұстауын үйрету.

Қысқаша сипаттамасы: Жалпақ тілмен жоғары ерінді жалап, ауыз қуысына кіргізу.

Әдістемелік нұсқау.

1. Жаттығуда орындаған кезде тек тіл жұмыс істеуін, иектің қимылдамауын қадағалау керек.
2. Тіл жалпақ болып бүйірлер ауыз бұрыштарына тиіп тұруы керек.
3. Тіл оңға-солға емес, тек төмен және жоғары қозғалуы керек.
4. Егер бала жаттығуды жасай алмай жатса, «пя-пя-пя» жаттығуына оралу қажет. Бала тілін жалпақ қалпына келтірген соң шпательмен тілді жоғары ерінің үстіне қайыру керек.

Ойын: «Сүйкімді бақалар» қимылды ойыны

Мақсаты: Балаларды жылдам қозғалуға үйрету. Топпен қарым-қатынасты нығайту, тез қимылдау.

Ойынның шарты: Балалар өзен жағасында тұрып тәрбиешінің бақалар туралы айтқанын мұқият тыңдайды. (қайда тұрады, немен қоректенеді, суға түсіп жүзуі туралы, қандай түсті болатынын, және бақаларды кім жейтінін сұрайды). Балалар өзен жағасында серкіріп ойнап, ән салып жүреді. Ал тырна ұшып келгенде барлық бақалар өзенге скіріп үлгеруі керек.

Керекті құралдар: Балалар санына қарай бақалардың бетперделерін жасау. Тәрбиешіге тырнаның бетпердесін жасау. Көк матаны өзен қылып ортаға жайу.



2-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті

уақыты: 09.35 – 10.00

2. Сөйлеуді дамыту- танымдық, коммуникативтік әрекет

Тақырыбы:

Қыс (А. Құнанбаев).

ҮІӨ мақсаты: «М» – «Н»

дыбыстарын салыстыру;

Кейбір дауыссыз

дыбыстардың

айтылуындағы ұқсастықтар

мен айырмашылықтарды

ажырата білуге баулу.

Дағды: Мазмұны бойынша

әңгімелесуге үйрету;

балалардың өз сөзімен

суреттеп, сөйлей білу

2. Қоршаған ортамен танысу

коммуникативтік,

ойын, қимыл

белсенділігі

Тақырыбы: Табиғат

бұрышын

мекендеушілерді

білесің бе?

ҮІӨ мақсаты: Табиғат

бұрышын мекендейтін

атжалман, теңіз шошқасы

сынды тіршілік иелері

туралы білімдерін

жетілдіру.

Дағды: Жануарлар

2. Көркем әдебиет- коммуникативтік, ойын, қимыл белсенділігі

Тақырыбы: Мысық, әтеш

және түлкі. (ертегі)

саханалау.

ҮІӨ мақсаты: Ертегіні

мазмұндауда балалардың

қабілеттілігін арттыру.

Ертегінің мазмұны арқылы

кейіпкерлерімен

таныстыру. Ертегінің

мазмұны бойынша

сұрақтарға жауап беруге

дағдыландыру. Ертегі –

әдеби жанрдың бір түрі

2. Сөйлеуді дамыту- коммуникативтік әрекет

Тақырыбы:

Қыс (А. Құнанбаев).

ҮІӨ мақсаты: «М» – «Н»

дыбыстарын салыстыру;

Кейбір дауыссыз

дыбыстардың

айтылуындағы

ұқсастықтар мен

айырмашылықтарды

ажырата білуге баулу.

Дағды: Мазмұны

бойынша әңгімелесуге

үйрету; балалардың өз

сөзімен суреттеп, сөйлей

2. Көркем әдебиет- коммуникативтік,

танымдық әрекет

Тақырыбы: Мысық, әтеш

және түлкі. (ертегі)

саханалау.

ҮІӨ мақсаты: Ертегіні

мазмұндауда балалардың

қабілеттілігін арттыру.

Ертегінің мазмұны арқылы

кейіпкерлерімен таныстыру.

Ертегінің мазмұны бойынша

сұрақтарға жауап беруге

дағдыландыру. Ертегі –

әдеби жанрдың бір түрі екені

туралы түсініктерін кеңейту.

	қабілеттерін дамыту. Күтілетін нәтиже: Жасайды: қоңырау соғып қуаныш сезімін білдіреді, суретті жалғастырып салады; Түсінеді: өлең мазмұнын, аяздың ашулы, қаһарлы екенін, "м" "н" дыбыстарының үнді дауыссыз дыбыс екенін; Қолданады: көргенін әңгімелеп айтып, сұраққа жауап береді. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Білу: «М» дыбысының дұрыс артикуляциясы: Ерін бір-біріне қатты тиеді, кішкене тіл төмен түсіп, демнің мұрын арқылы шығуынан жасалады. «М» дыбысының дұрыс айтылуын қадағалау. Ма-ма-ма – қыс деген бұл шалма. Ма-ма-ма – апорт тәтті алма. «Н» дыбысының дұрыс артикуляциясы: Ерін сәл ашылып, жіңішкерген тіл үстіңгі тістердің түбіне тиеді. «Н» дыбысының дұрыс айтылуын қадағалау. «Н» дыбысы кездесетін сөздерге мысалдар келтіреді, сол сөздерді бірнеше рет қайталап айтады. Түсіну: Дидактикалық ойын: «Суретті жалғастыр». Мақсаты: Салынған суретті тез жалғастыру. Жылдамдыққа үйрету. Ашулы шалдың суретін бірінші болып жалғастырып,	әлеміне деген сүйіспеншілікке, оларға қамқорлық жасауға дағдыландыру. Күтілетін нәтижелер: Жасайды: жанды табиғат бұрышын мекендейтін жануарлардың бірнеше түрін атап көрсетеді. Түсінеді: олардың өздеріне тән белгілерін, қимылдарын, мінез-құлқын, қандай тамақ жейтінін түсінеді. Қолданады: оларға күтім жасаудың қарапайым тәсілдерін пайдалана алады. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Қолдану: «Текше» техникасын пайдалана отырып, «Жанды табиғаттың бір бұрышын мекендейтіндер» тақырыбында <i>салыстыру, ұқсас заттарды табу, сараптау, пайдалану, пікірін дәлелдеуді ұсынады.</i>	екені туралы түсініктерін кеңейту. Дағды: Ертегіні баяндауда сюжеттік бірізділікті сақтау, қисынды мазмұндауға, ертегіні әңгімелеу барысында бейнелеуіш сөздерді қолдануға дағдыларын дамыту. Күтілетін нәтижелер: Жасайды: ертегінің мазмұнын сақтай отырып айтып береді; Түсінеді: ертегінің мазмұнын түсінеді, кейіпкерлерді ажыратады; Қолданады: ертегіні бейнелеуіш сөздер арқылы шығармашылықпен мазмұндайды. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Білу: <i>Есіңе сақта:</i> «Дос болсаң, берік бол, Досыңа серік бол».	білу қабілеттерін дамыту. Күтілетін нәтиже: Жасайды: қоңырау соғып қуаныш сезімін білдіреді, суретті жалғастырып салады; Түсінеді: өлең мазмұнын, аяздың ашулы, қаһарлы екенін, "м" "н" дыбыстарының үнді дауыссыз дыбыс екенін; Қолданады: көргенін әңгімелеп айтып, сұраққа жауап береді. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Білу: «М» дыбысының дұрыс артикуляциясы: Ерін бір-біріне қатты тиеді, кішкене тіл төмен түсіп, демнің мұрын арқылы шығуынан жасалады. «М» дыбысының дұрыс айтылуын қадағалау. Ма-ма-ма – қыс деген бұл шалма. Ма-ма-ма – апорт тәтті алма. «Н» дыбысының дұрыс артикуляциясы: Ерін сәл ашылып, жіңішкерген тіл үстіңгі тістердің түбіне тиеді. «Н» дыбысының дұрыс айтылуын қадағалау. «Н» дыбысы кездесетін сөздерге мысалдар келтіреді, сол сөздерді бірнеше рет қайталап айтады. Түсіну: Дидактикалық ойын: «Суретті жалғастыр». Мақсаты: Салынған	Дағды: Ертегіні баяндауда сюжеттік бірізділікті сақтау, қисынды мазмұндауға, ертегіні әңгімелеу барысында бейнелеуіш сөздерді қолдануға дағдыларын дамыту. Күтілетін нәтижелер: Жасайды: ертегінің мазмұнын сақтай отырып айтып береді; Түсінеді: ертегінің мазмұнын түсінеді, кейіпкерлерді ажыратады; Қолданады: ертегіні бейнелеуіш сөздер арқылы шығармашылықпен мазмұндайды. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Білу: <i>Есіңе сақта:</i> «Дос болсаң, берік бол, Досыңа серік бол».
--	--	---	--	---	--

	аяқта.			суретті тез жалғастыру. Жылдамдыққа үйрету. Ашулы шалдың суретін бірінші болып жалғастырып, аяқта.	
2 үзіліс – 10:00 – 10:30 Балалардың дербес іс-әрекеті Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып, балалар әрекеті (ойын , қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету) түрінде іске асырылады.					
Балалардың дербес іс-әрекетіне дағдыландыру ойындары Басты мақсат: Өзін - өзі одан әрі ашу, өзін - өзі тану, өзінің және айналасындағылардың психологиялық мінездемесін анықтау және талдау іскерлігін дамыту.					
Дыбыс артикуляциясын дамытуға арналған Кім қалай дыбыстайды? (баламен жеке жұмыс - түрліше тембрлік құбылыста айту) - А, аа, аа, а, а, аааааа (қуанышты дауыспен). - Ааа, аа, а, а, ааа (аянышты дауыспен). - А, аа, аааа, а, ааа(таң қалған дауыспен). 1 минут жұмыс істеңіз. Екінші баламен (и), үшінші баламен (о) дыбысымен жұмыс істеуге болады. Фонетикалық жаттығуларды екінші тілді (орыс тілі, ағылшын тілі, француз тілі т.б) үйрету мақсатына қарай да қолдануға болады. Ол үшін педагог қандай дыбысқа аса мән беру қажет екендігін анықтап алуы тиіс.		Дикциялық жаттығу Барлық жоғарыда аталған міндеттерді кешенді шешеді. Балалар қандай да бір сөйлемді, жаттамақты, жаңылтпашты айтқанда, дұрыс тыныс, дем ала білуі, дәл артикуляция жасауы және жеке дыбысты, сондай-ақ буынды, сөзді анық айтуы қажет. Жаңылтпаш арқылы бала жылдам ойлауға, жаңылмай тез қайталап айтуға, кекештенбей, қысылмай, анық сөйлеуге үйренеді. Халық ауыз әдебиетінде жаңылтпаштар топтамасы молынан жинақталған. Мәселен, бірқатар жаңылтпашты айтып көрелік. Суда сең келеді, Сегіз серке тең келеді.		Ойын: “Табан балық және шортан” Мақсаты: балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру дағдыларын дамыту. Шарты: Бір баланы шортан етіп белгілейді. Ойнаушылардың қалғаны екіге бөлінеді: олардың бір тобы — ұсақ тастар, олардан шеңбер жасалады, екінші тобы — табан балық олар шеңбердің ішінде жүзеді. Шортан шеңбердің сыртында жүреді. Тәрбиешінің «Шортан!» деген белгісі бойынша ол тездетіп, табан балықты ұстау үшін шеңберге жүгіреді. Ал табан балық орын алуға, ойнаушылардың біреуінің артынан тұруға және отыруға асығады (табан, балық шортаннан қашып, ұсақ тастарға барып тығылады). Шортан әлі тығылып үлгермеген табан балықтарды ұстайды. Ұсталғандар шеңбердің сыртына кетеді. Ұсыныс: Ойын 3-4 рет жүргізіледі де, содан кейін ұсталғандардың саны есептеледі. Кейін шортанды жаңадан белгілейді. Шеңбер жасап тұрған және шеңбердің ішінде жүрген балалар орындарын ауыстырады да, ойын қайталанады.	





3-ші ұйымдастырылған іс-әрекеті

уақыты: 10.30 – 10.55

	3. Қазақ тілі - коммуникативтік әрекет Тақырыбы: «Мың бір мақал, жүзбір жұмбақ, жаңылтпаш» ойыны ҮІӨ мақсаты: Алған білімдерін тиянақтау. сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, мақал-мәтел, жұмбақжаттау дағдыларын қалыптастыру. Дағды: қазақ тіліндегі сөздерді дұрыс айта білу және оларды қолдана білу дағдыларын дамыту. Күтілетін нәтиже: Жасайды: тапсырмаларды орындайды, сөздерді қайталайды. Түсінеді: мақал-мәтелді, жұмбақтарды, жаңылтпаштарды түсінеді. Қолданады: қарапайым сұрақтарға жауап бере алады. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану Қолдану: I айналым: Мақал. Отан – оттан да ... (ыстық) Жақсы – ... (өнге)Отан ... т.б II айналым: Жұмбақ Шелек қалпақ басында,Сәбіз екен танауы. Қыста қардан туатын,	3.Құрастыру– шығармашылық,коммуникативтік, ойын әрекеті Тақырыбы : Орманды мекендеушілер. ҮІӨ мақсаты: Табиғи материалдардан ұсақ заттар жасай білуге үйрету; табиғи материалдардан әртүрлі орман мекендеушілерін жасай білуге үйрету. Дағды: оларды пайдалана отырып әртүрлі бейнелер жасай білу дағдыларын қалыптастыру, Күтілетін нәтиже: Жасайды: табиғи материалдардан әртүрлі ұсақ заттар жасай алады; түсінеді: табиғи материалдарды пайдаланып әртүрлі бейнелер жасай білу дағдылары қалыптасады; қолданады: ұжымдық жұмыс жасай біледі және мазмұнды құрастыру арқылы шығармашылық қиялдары дамиды. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Қолдану: Үстел үстіне орман көрнісі дайындалады, балалар	3. Сауат ашу негіздері- коммуникативтік әрекет Тақырыбы: Дыбыстық талдау. [ң] ҮІӨ мақсаты: дыбыстық талдау туралы білімдерін жетілдіру. Графикалық жұмысты орындау кезінде әртүрлі құрылымды сызықтарды өрнек бойынша, сұлба бойымен қолды көтермей, үзбей жаза білу қабілеттерін дамыту. Дағды: Берілген дыбысқа сөз құрай алу дағдыларын бекіту. Күтілетін нәтиже: Жасайды: дыбыстық талдау жасайды. Түсінеді: сөздердің әртүрлі дыбыстардан тұратынын. Қолданады: дыбыстарды ажыратады. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Түсіну: Нұр-Сұлтан, Алматы, Тараз – ... (қалалар) Ертіс, Еділ, Жайық, Іле – ... (өзендер) Ту, гимн, елтаңба – ... (рәміздер) Мұғалім, дәрігер, аспазшы – ... (мамандар)	3. Қазақ тілі - коммуникативтік әрекет Тақырыбы: Әсем қала – Алматы ҮІӨ мақсаты: Алматы қаласы туралы білімдерін кеңейту. Сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, жаңа сөздерді дұрыс айтуғажаттықтыру. Дағды: Сөздерді бір-бірімен байланыстырып, сөйлем құрай білу дағдыларын жетілдіру. Күтілетін нәтиже: Жасайды: таныс сөздерді естеріне түсіреді, жаңа сөздерді қайталайды, сөйлемдер дұрыс құрастырады. Түсінеді: Алматының үлкен, әсем қала екенін түсінеді. Қолданады: Алматының көрікті орындарын көрсетіп атай алады, сұрақтарға жауап береді. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану Қолдану: Дыбыстық жаттығу (айнамен орындалады). Ө-ө-ө-ө – көөек-төбе-	3.Қоршаған ортамен танысу- танымдық, еңбек ойын, қимыл белсенділігі Тақырыбы: Табиғат бұрышын мекендеушілерді білесің бе? ҮІӨ мақсаты: Табиғат бұрышын мекендейтін атжалман, теңіз шошқасы сынды тіршілік иелері туралы білімдерін жетілдіру. Дағды: Жануарлар әлеміне деген сүйіспеншілікке, оларға қамқорлық жасауға дағдыландыру. Күтілетін нәтижелер: Жасайды: жанды табиғат бұрышын мекендейтін жануарлардың бірнеше түрін атап көрсетеді. Түсінеді: олардың өздеріне тән белгілерін, қимылдарын, мінез-құлқын, қандай тамақ жейтінін түсінеді. Қолданады: оларға күтім жасаудың қарапайым тәсілдерін пайдалана алады. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану.
--	--	---	--	---	---

	Тауып көрші, сен оны. (Аққала) III айналым: Жаңылтпаштарды қайталап айту арқылы жарысу. Балалар жай, жылдам қайталайды. а)Доп теп,Дөп теп. Жағажайды жағалай,Жүгіреді Қамажай. ә)Пай-пай-пай, Жайылып жүр тай.Ай-ай-ай, Ұшып кетті торғай.	өздері жасаған аңдарын әкеліп орналастырады.	Кітап, дәптер, портфель – ... (мектеп құралдары) Қолдану: «Айтылған дыбысқа сөз ойла» дидактикалық ойыны. 1-тапсырма. Балаларға «д» дыбысы кездесетін сөздерге мысалдар келтіруге тапсырма береді. Доп, дос, дорба, дән, дақыл, Дарын, дала, домбыра, Думан, дуадақ т.б. 2-тапсырма. Балаларға «м» дыбысы кездесетін сөздерге мысалдар келтіруге тапсырма береді. Мақта, мысық, моншақ, мал, малта, Маржан, магнит, мейіз, мол, мақұл т.б.	көктөбе. Ә-ә-ә-ә - әсем- әсем. Білу: «Жалғастыр»ойыны. Сөздерді, сөйлемдерді бекітіп, қайталау. Қа...(қала) Кө... (көше) Сая.. (саябақ) Алматы... (Алматы – әдемі, әсем қала).	Қолдану: «Текше» техникасын пайдалана отырып, «Жанды табиғаттың бір бұрышын мекендейтіндер» тақырыбында салыстыру, ұқсас заттарды табу, сараптау, пайдалану, пікірін дәлелдеуді ұсынады.
--	---	---	--	--	--

3 үзіліс – 10:55 – 11:05

Балалардың дербес іс-әрекеті

Іс – әрекет арқылы ұсақ саусақ моторикасын дамыту және дене қимылдарын , бұлшық еттерін жетілдіру жаттығулары

		Қимылды жүгіруге арналған ойын: «Жалғыз аяқ жолмен» Мақсаты: ес, зейін, тыныс алу ырғағын дамыту. Ойынның шарты: Тәрбиеші өзіне балаларды шақырады да суретті көрсетіп, жолдың қандай түзу екеніне назар аударады (аралығы см екі қатар сызық). Бұдан кейін балаларға, сызықтан шықпастан, осы жол бойымен қыдыруды ұсынады. Балалар бірінің артынан бірі бір бағытпен жүреді де, сол тәртіппен қайта қайтады. Бұл ойынды учаскеде өткізген жақсы. Балалардың бір-бірімен соқтықпасы үшін, ойынға бір мезгілде 5-6 адам қатыстырылады. Күзде учаскедегі жолды ағашқа қарай бағыттап, балаларға сол жолмен жүріп отырып 2-3 жапырақ әкеліндер деп ұсынған жақсы болады. Ұсыныс: бұл тапсырма ойынды жандандыра түседі. Ойын үйдің ішінде өткізілгенде, жолдың аяқталар жеріне жалаулар немесе басқа ойыншықтар қою керек, балалар оларды алып келеді.
--	---	---

4-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті

уақыты: 11.05 – 11.30

	4. Дене шынықтыру-қимыл белсенділігі Тақырыбы: Әкем, анам және мен! Отбасымызбен бірге жаттығамыз. ҮІӨ мақсаты: Гимнастикалық қабырғаның жоғарғы жағына дейін біраттас тәсілмен өрмелеуге үйрету, қол мен аяқ қозғалыстарының үйлесімділігін дамыту. Еденде иректеліп жатқан жіп үстімен басына құм салынған қапшықпен қолды екі жаққа созып жүру және теріс қарап, тепе-теңдіктерін сақтап жүруге жаттықтыру. Дағды: Тапсырманы өз бетімен орындауға баулу және шыдамдылық, ептілік, күш секілді дене сапаларын дамытуға дағдыландыру. Күтілетін нәтиже: Жасайды: гимнастикалық қабырғаның жоғарғы жағына дейін өрмелеуді. Еденде иректеліп жатқан жіп үстімен басына құм салынған қапшықпен қолды екі жаққа созып жүруді. Бір-бірінен 1 м арақашықтықта жатқан заттар арқылы фитболды домалатып алып жүруді. Түсінеді: тапсырманы өз бетімен орындау барысында шыдамдылық, ептілік, күш секілді дене сапаларын дамыту керектігін. Қолданады: өзінің денсаулығына және отбасы мүшелерінің денсаулығына қамқорлықпен қарайды. Ойлау деңгейі: білу, түсіну,	4. Музыка-шығармашылық әрекет Тақырыбы: Қысқы орманда. ҮІӨ мақсаты: Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру. Дағды: Музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіру. Әуеннің би сипатын сезіну, би қимылдарының элементтерін орындау. Музыка сипатына сәйкес қол ұстасып шеңберде айтылатын әндермен шеңберді айналып жүруге дағдыландыру. Күтілетін нәтиже: Жасайды: дауысын дұрыс келтіріп әндерді орындайды. Түсінеді: әннің ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру. Қолданады: пластикалық, мәнерлі қимылдарды би кезінде орындайды. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Қолдану: Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Айна» орыс халық әуені (өңдеген М. Раухвергер). Көңілді әуен ырғағына сәйкес шеңбер бойында би қимылдарын орындауға үйрету. Шеңберді кеңейту-кішірейту, шағын топтармен бірнеше шеңберге бөлініп айналу қимылдарын жасауға	4. Дене шынықтыру - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі Тақырыбы: Тату-тәтті баламыз. ҮІӨ мақсаты: Балалар арасындағы достық қарым-қатынасты орнатуға және ұжымның ұйымшыл болуына жағдай жасау. Допты оң және сол қолмен еденге кезекпен ұруды жаттықтыруды жалғастыру. Дағды: Қозғалыс үйлесімділігін дамыту, қозғалыс кезінде тапқырлық таныта білу шеберліктерін (машықтарын) қалыптастыру. Күтілетін нәтиже: Жасайды: допты оң және сол қолмен еденге кезекпен ұруды; гимнастикалық қабырғаның жоғарғы жағына дейін өрмелеуді; арақашықтығы 70 см заттардың арасымен оң және сол аяқпен кезекпен секіруді. Түсінеді: төзімділік, ұйымшылдық тәрізді қасиеттер жеке тұлға болып дамуына қажет екенін. Қолданады: түрлі жүктемелерде тыныс алуды қалыпқа келтіру, дұрыс тыныс алу, топтарға бөлініп негізгі жаттығуларды орындайды. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Қолдану: Қимыл-қозғалыс ойыны: «Еденде тұрып қалма». (4 рет) Ұстаушы бала таңдалады. Қалған балалар биіктігі 30 см заттардың үстінде тұрады. Балалар секіріп түсіп, зал ішінде жүгіріп жүреді. Педагогтің: «Ұста!» деген бұйрығы бойынша орындарына жүгіреді. Ұстаушы бала секіріп	4. Музыка-шығармашылық әрекет Тақырыбы: Орманда серуендейміз. ҮІӨ мақсаты: Дауысы мен есту қабілеттерін дамытуға арналған жаттығулардан қиын емес әуендерді 2–3 жақын үндестікте дауысын дәл келтіріп орындауға үйрету. Дағды: Шығармалардың эмоциялық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін ажырату, әсерлі реңктерін ажырату. Күтілетін нәтиже: Жасайды: аспаптарда ойнайды, мерекелік әнді көңілді орындайды. Түсінеді: ән айту дағдыларын. Қолданады: би қимылдарын және ырғақты, мәнерлі қимылдарды орындайды. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Қолдану: Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Ұлпакарлар биі» («Вальс» П. Чайковский үнтаспада, «Билеп үйренейік» жинағынан). Қимылды орындағанда аяқтың ұшымен жеңіл жүгіріп, қолдағы «ұлпакар»-таяқша атрибуттарымен музыка әуеніне ілесе, ырғақты сақтай отырып билеу	4. Дене шынықтыру - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі Тақырыбы: Менің көңілді добым. ҮІӨ мақсаты: Доппен орындалатын жаттығулардың маңызы туралы түсініктерін толықтыру және жалпы қозғалыстар туралы танымдық көзқарастарын дамыту. Түзу жүріп, допты бір қолмен соғып жүруге үйрету. Доппен орындалатын қозғалыс түрлеріндегі іскерліктерді дамыту. Дағды: Тапсырманы өз бетімен орындауға баулу және шыдамдылық, ептілік, күш секілді дене сапаларын дамытуға дағдыландыру. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану Қолдану: Негізгі қимыл-қозғалыстарды ойын түрінде орындау: «Допты еденге соқ» - түзу жүріп, допты бір қолмен (оң, сол) соғып жүруге үйрету. Доппен орындалатын қозғалыс түрлеріндегі іскерліктерді дамыту. Нұсқау – допты тура алдыға бағыттамай, сәл шет жақпен алып жүру (өйткені аяққа соғылып, домалап кетуі мүмкін). Егер допты оң қолмен соғып алып жүретін болса, онда оң аяқтың ұшының оң жағынан алып жүру қажет. Түсіну: Басқа массаж жасау. Мақсаты: қан жүруді жақсарту мақсатында бастағы белсенді нүктелерді уқалау. Балалар еденге отырып, бастарын жууды бейнелейді.
--	--	---	---	--	---

	қолдану Қолдану: Тыныс алу гимнастикасы: «Отбасы» «Қол ұстасып тұрып, бәрімізді бір отбасы деп сезінейік. Бәріміз бірге дем аламыз, дем шығарамыз (3 рет). Өте жақсы. Жүрегіміздің қалай соққанын тыңдайық. Түк – бір адымалға, түк – бір адым артқа (3 рет) ».	дағдыландыру. Білу: Ойындар, хороводтар: «Айналмалы дөңгелек» («Дидактикалық ойындар» жинағынан). Педагог ойын шартын түсіндіреді. Орындалған әндерді тыңдап, әннің мазмұнына сәйкес суретті көрсету.	орындарына шыға алмаған балаларды ұстайды. Ұсталған балалар бір шетте отырады. Білу: Сауықтыру массажы: «Шапалақта». (3 рет) 1.Алақандарын бір-біріне үйкелейді. 2.Алақандарымен шекелерін шапалақтап соғады. 3.Беттерін шапалақтап соғады. 4.Мойындарын шапалақтап соғады. 5.Кеуделерін шапалақтап соғады.		Саусақтарымен тарақ сияқты желкеден шекеге, шекеден бастың төбесіне дейін тарайды. «Қуаласпақ»: саусақтарының ұшымен клавиатураны басқан сияқты бейнелеп, басты «соғу». Саусақтарды біресе жылдам, біресе бір-бірін қуған сияқты жүгірту. Саусақтарымен шаштарын әдемілеп тарайды.
--	---	---	---	--	--

4 үзіліс – 11:30 – 12:30
Балалардың дербес іс-әрекеті

Сюжеттік ойын:
«Дәмхана. Макдоналдс. Пиццерия» сюжетті – рөлдік ойын

Мақсаты :

Азық-түлікпен жұмыс істейтін жұмыскерлердің еңбегі жайында түсініктерін молайту. Балаларға рөлдерге бөлініп, сол рөл бойынша әрекет етуге үйрету, өздеріне керекті нәрсені құруға үйретіп, балалардың мейрімділік қарым-қатынасын орнату. Балаларға ойында қоршаған ортадан алған білімдерін көрсете білуге үйрету.

Жағдаят:

Үстелді таңдау;

Ас мәзірімен танысу;

Тапсырысты қабылдау ;

Тапсырысты орындау;

Менеджермен жұмыс (шағым, алғыстар);

Тапсырысқа төлеу;

Үстелді жинап, ыдыс аяқ жуу.




Сюжеттік ойын :

«Мен өзгердім»

Мақсаты: Түстерді ажырата білуге үйрету және эмоцияға қалай кіруге болады, рөлді қалай ойнау керектігін дамыту.

Керекті құралдар: түрлі бас киім, (сары, көк, жасыл)

Мазмұны: Тәрбиеші бірінші қызыл түсті бас киімді киеді. Сол кезде ол өзінің өзгеріп кеткенін іс-қимыл, дауыс ырғағын өзгерту арқылы көрсетеді. Мәселен түк білмейтінге ұқсап, көзін үлкейтеді. Екінші бас киімді кигенде (көк) үнемі күліп жүретін адамды келтіреді. Сары бас киімді кигенде билеп кетеді. Осылайша қайталап көрсетіледі де балалар өздері жалғастырып ойнайды.



Серуенге дайындық	Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, танымдық әрекеттер, өзіне-өзі қызмет көрсету				
	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.
«Табиғат аясында» Серуен. Танысу, ойындар, еңбек. «Алақай, ойын!» 11.30 – 12:10	Қараша Серуен-Бақылау №16 Қардың қасиетін бақылау Мақсаты: қар туралы балалардың білімдерін толықтыру, ақ, ұлпа сияқты, күн нұрына шағылысып жылтырайды. Көркем сөз: Аққала Аула сырты баққа да, Тұрғызамыз аққала Аққаланы айналып, Ойлаймыз біз шаттана. Қимылды ойын: «Ұстап ал» Мақсаты: белгі берілісімен бірден іске кірісіп, жаттықтыру. Еңбек: қарды күреу. Жеке жұмыс : қарды жұмырлап, қатты қысу. Мақал: Сыртта «тау» болып жатса, Үйде су болып тұрады. Далада қар болса, Қамбада астық болады. Жұмбақтар: Мамықтай ұлпа, Қанттай ақ. Қыста жер бетін басады, Жазда сайға қашады.	Қараша Серуен-Бақылау №17 Қар жауып тұрған көріністі бақылау Мақсаты: қардың жауып тұрғанын бақылау, ауа райына байланысты құбылыстарды түсіндіру, аязды күнде қар жеңіл болады, олар ауада би билегендей, жылырақ күнде қар ауырлау тартады,- қалықтап жерге түседі, суық күнде қар ұшқындары жеделдеп жауады. Тапсырма: «Қыс» тақырыбына символдар арқылы суреттер салуды ұсыну. Көркем сөз: Тазалашы мұз болған, Есік алды тайғанақ жата берсін. Біз оған теуіп жүрміз сырғанақ, Шыға беріп жалтақтай, Ұшып түсті қалпақтай. Қимылды ойын: «Аңшы мен қояндар» Мақсаты: жылжымалы лақтырған нысанға затты тигізу, жүгіруге өрмелеп шығуға жаттықтыру. Еңбек: Тәрбиеші жұмысты әркімге бөліп беруге көмектеседі. Бірі қарды жинаса, енді бірі оны тасиды, шанаға артады, ұжым болып бәрі қарды тазалауға қатысады. Мақсаты: жұмысты бірігіп атқаруға бағыт беру. Жеке жұмыс: «Адасқан қар қиыршықтары» тақырыбына шығармашылық әңгіме	Қараша Серуен-Бақылау №18 Қысқы ағаштарды бақылау Мақсаты: балалардың ағаштарды қыс кезінде қалпын анықтап, білімін толықтыру. Тапсырма: «Таңғажайып ағаштарды безендіреміз» тақырыбына сурет салу. Ағаштарды сыртқы түсінен, түрінен, бұтақтарынан қалай орналасуынан танып, айыруға үйрету. Балаларды табиғатқа қамқоршы болуына тәрбиелеу. Сұрақтар: 1. Жапырақсыз ағаштарды қалай атаймыз? 2. Жапырақтар неге күзде түсіп қалады? 3. Ағаштар бір біріне немен ұқсас? 4. Ордың айырмашылығы қандай? Дидактикалық ойын: «Сөзбен суреттеп айт» ағаштың түрін таны. Қимылды ойын: «Ордағы қасқыр» Мақсаты: секіруге, затты лақтыруға жаттықтыру. Еңбек: ағаштардың түбін қармен жабу. Мақсаты: қар ағаштың түбін аяздан қорғайтынын балаларға түсіндіру. Балаларды табиғатқа	Желтоқсан Серуен-Бақылау №1 Қыстың негізгі белгілерін бақылау Мақсаты: балаларды қыстың белгілерін ажырата білуге үйрету.. Көркем сөз: Аппақ, аппақ ақшақар Бірін ұстап алайын... Ұстадым! Жоқ, ақша қар, Қайдан іздеп табайын? (Жақан Смаков) Қимылды ойын: «Аяз» Мақсаты: тез жүгіруге жаттықтыру. Еңбек: үйдің ауласын қардан тазартып қою. Мақсаты: күрекпен жұмыс істеуге үйретіп, еңбекке баулу. Қимылды жаттығулар: мұзды жолмен сырғанап білуге жаттықтыру. Жорамал: Түтін будақтап шықса, аяз болады.	Желтоқсан Серуен-Бақылау №2 Қар (ұлпаларынын) ұшқындарына бақылау жүргізу. Мақсаты : балаларды қар ұшқындарының қалай пайда болатынын, олардың құрлысымен таныстыру, сонымен бірге балаларды байқағыштыққа тәрбиелеу. Балаларға қар ұлпасын қағып алып, зейін қойып, анықтауға ұсыну. Қар ұшқыны алты қанаттан тұрады, олар бір—біріне өте ұқсас келеді. Қар ұшқыны жаңбыр сияқты, бұлтта жаратылады. Су буы өте жоғары көтеріледі: сол жоғарыда ауаның температурасы өте төмен болғандықтан, сол су буларынан кішкентай ғана мұз қиыршықтары пайда болады. Алты қырлы мұз түйіршіктері өсіп кішкентай жұлдызшаларға айналады, сөйтіп қар ұшқындары жерге түседі. Көркем сөз: Жазда көлге мұз қатты, Табанымды мұздатты. Мұз ойылып кетті тез, Күліп едік, біз қатты. Қимылды ойын: «Ортаға түспек» Мақсаты : тез жүгіріп секіруге, ептілікке үйрету. Еңбек : қар атжалдарын

		құрастыру.	қамқоршы болуына тәрбиелеу. Жеке жұмыс: шаңғымен жаттығулар жасау: екі аяқпен кезек-кезек оңға, солға.		жасауға балаларды үйрету. Жеке жұмыс : шаңғыда жүре білуге машықтану. Мәтел: Қар көп болса, астық көп болады. Жұмбақ: Қолы жоқ, сурет салады Тісі жоқ, тістеп алады.
Балаларды үйге қайтару. Уақыты: 12.30 – 13.10					
«Сау бол, мектеп!» Ата-аналар мен әңгімелесу. Балаларды үйге қайтару. 12:30-12:40	Ата –аналарға кеңес - баланың «социалдық көкжиегін» кеңейтіңіз, ауладағы өзімен құрдас балалармен көбірек ойнатыңыз, жолдастарына қонаққа барсын, әжесінде қонуға қалсын т.с.с. Осындай тәжірибе жинақтаған бала өз құрдастары мен үлкендер арасында тез үйренісіп, тіл табысатын болады.	Ата –аналарға кеңес Ешқашан балаға қол жұмсамаңыз. Қиын жағдайда үнемі бірге болыңыздар	Ата –аналарға кеңес - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет студия алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.	Ата –аналарға кеңес - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет студия алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.	Ата –аналарға кеңес Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.

Мектепалды даярлық 0 «А» сыныбының тәрбиешісі: